Әлеуметтік педагогтің жылдық талдауы

2021-2022 оқу жылы

«Бозанбай орта мектебі» КММ

Мектепте «Жалпы оқумен қамтыу» айлығы өткізілді. Жоспар бойынша төмендегідей іс- шаралар атқарылды.

Бозанбай орта мектебінде жыл басында жалпы оқушы саны- **282**

Аз қамтылған отбасы оқушылар саны	34
Көпбалалы отбасы оқушылар саны	102

Тамыз айында «Тех маркет» сауда үйінің өкілдері оқушыларға арнайы жәрменке ұйымдастырып оқу құралдары арзан бағада сатылды. Жалпы 180 оқушы қамтылды.

Тамыз айынан қыркүйек айына дейін Бозанбай ауылында орналасқан мекемелер «Бозанбай орта мектебі»КММ оқушыларына «Мектепке жол» акциясы аясында аз қамтылған, қамқорлықтағы және көпбалалы отбасы оқушыларының ішінде 20 оқушыға оқу құралдары мен сөмкелер беріп демеушілік көрсетті.

«Жалпыға бірдей білім беру» қорынан тамыз айының аяғында аз қамтылған, қамқорлықтағы және көпбалалы отбасы оқушыларынан 127 оқушыға тегін мектеп формасы таратылды.

Қыркүйек айының 2-нен бастап аз қамтылған, қамқорлықтағы және көпбалалы отбасы оқушыларынан 133 оқушы мектеп асханасынан тегін бір реттік ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

Қыркүйек айында мектепішілік әлеуметтік карта жасалды.

Жалпы оқушы саны	Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар саны	Көп балалы отбасынан шыққан оқушы саны	Қамқорлы қтағы оқушы саны	Толық отбасынан шыққан оқушы саны	Толық емес отбасынан шыққан оқушы саны (ата-анасының біреуі жоқ	Сотталған отбасынан шыққан оқушы саны	Ажырасқан отбасынан шыққан оқушы саны	Сәтсіз отбасынан шыққан оқушы саны
282 оқушы	29	100	5	117	17	0	14	0
Жалпы отбасы саны **178**	18 отбасы	47 отбасы	3 отбасы	86 отбасы	13 отбасы	0	11 отбасы	0

Үйде оқитын оқушылар саны – 4

№	Баланың аты-жөні	Сыныбы
1	Тулебаев Олжас	4б
2	Зарипханов Самат	8б
3	Кумарбеков Олжас	2а
4	Сарыбаева Айым	7ә

Қамқорлықтағы оқушылар саны – 5

№	Баланың аты-жөні	Сыныбы
1	Хибратқызы Айшуақ	4ә
2	Хибрат Шұғыла	6а
3	Кокпаева Еркежан	7б
4	Хибрат Айдана	8ә
5	Манарбек Гулсауле	11а

Қазан айынан бастап желтоқсан айына дейін Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай жасампаздыққа толы жылдар қарсаңында «Қайырымдылық дәрмеңкесі» ұйымдастырылды.

Шараны ұйымдастыру мақсатымыз қайырымдылық - халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі – мұқтаж жандарға қамқорлық жасау. Адам

бір –біріне қайырымдылық, мейірімділік таныту арқылы жақсылық жасайды.

Әлеуметтік көмек алуға құқығы бар аз қамтылған, қамқорлықтағы , мүгедек балалар және көпбалалы отбасы оқушыларына көмек көрсетілді. Әр бала өзінің қажетіне қарай жәрменкеден таңдаған заттарын алды. Және де осы марафон барысында мектеп ұжымынан үш демеуші оқушыларға оқу құралдары мен сөмке және кітаптар сыйлады.

Қазан айының 25 күні аз қамтылған, көпбалалы отбасы оқушыларына және қамқорлықтағы оқушыларға тегін қысқы аяқ киім табысталды.

Қараша айында көп балалы ата-аналарымен кездесіп әңгіме дүкен құрылды.

Желтоқсан айында жалпы біліммен қамтыу қорынан бөлінген 201470 мың тг мектебіміздегі аз қамтылған, қамқорлықтағы мүгедек және көпбалалы отбасынан шыққан 144 оқушыға жаңа жылдық сыйлық берілді.

Аудан әкімінің шыршасына мектебімізден қамқорлықтағы 5 оқушы Хибрат Шұғыла, Хибратқызы Айшуақ, Хибрат Айдана, Манарбек Гулсауле, Көкпаева Еркежан және көпбалалы отбасынан шыққан Кайрбаева Карина қатысты, сыйлықтар мен тәттілер берілді.

Мектебіміз 2022 жылы 15 ақпаннан – 31 мамыр аралығында өтетін «Жүректен жүрекке» қайырымдылық акциясына белсене ат салысты.

Мектеп мұғалімдері демеушілік көрсетіп аз қамтылған, қамқорлықтағы және көпбалалы отбасы оқушыларының өтініштері бойынша қалаған заттарын алып берді.

2022 жылы 01 наурызда «Алғыс айту» күніне орай мектебіміздегі аз қамтылған отбасы оқушыларына көмек көрсетілді.

Мамыр айынан бастап мектеп жанындағы «Нұрсәуле» лагері мен жазғы «Болашақ» сауықтыру лагеріне ата-аналардың өтініштері қабылданып тізім жасалды.

Маусым айының бірінен бастап 14-маусымға дейін бастауыш сыныптардағы көпбалалы және аз қамтылған оқушылар арасында 20 оқушы мектеп жанындағы «Нұрсәуле» жазғы сауықтыру лагеріне қатысты.